

КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ӨҢІРДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕРПІН БЕРЕДІ



Ержан Әбіш

Кеше облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ және Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Тимур ҚҰЛЫБАЕВТЫҢ қатысуымен Өскеменде Шығыс Қазақстан өңірлік кәсіпкерлер палатасы кеңесінің алғашқы отырысы болды.

(Соңы 2-бетте)

Кәсіпкерлер ПАЛАТАСЫ ӨҢІРДІҢ өркендеуіне серпін береді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиын барысында аймақта қолайлы бизнестік ахуалды қалыптастыру мәселелері және облыстағы кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары талқыланды.

Тимур Құлыбаев өз сөзінде Шығыс Қазақстан облысында құрылып отырған кәсіпкерлердің өңірлік палатасы жергілікті іскер азаматтардың мүдделерін жан-жақты қорғап, бизнесті дамытуға оңтайлы жағдай жасайтынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ тапсырмасы бойынша біз президиумды құру жұмыстарына кірісіп кеттік. Заңға және президиум жарғысына сәйкес біз Шығыс Қазақстан облысының өңірлік кәсіпкерлер кеңесін құруымыз қажет. Өңірлік кеңестің негізгі міндеті бизнес пен жергілікті билік арасындағы көпір рөлін атқару және кәсіпкерлерге түрлі қолдау көрсету, яғни, әкімшілік кедергілерді азайту, жекеменшік банк секторының мүмкіндігін ескере отырып, қаржылық мәселелерді шешу болмақ. Атап өтерлігі, Бердібек Мәшбекұлы кәсіпкерлік саласына ұдайы қолдан келгенше көмек көрсетіп отырады, біз аталмыш қолдауы үшін аймақ басшысына өз ризашылығымызды білдіреміз. Шығыс Қазақстан — еліміздегі ірі өндірістік аймақ. Мұнда ауқымды инвестициялық жобалар іске асырылуда, сол себепті біз облыс әкімдігімен бірлесіп, олардың ары қарайғы жылжуына, дамуына септесеміз. Кеңес кәсіпкерлерден қордаланған проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстар қабылдайтын болады, олар тиісінше Ұлттық палатаның президиумына армен қарай қарастыру үшін жөнелтіледі. Өйткені, біздің кеңестің басты мақсаты — билік органдары мен кәсіпкерлер арасында сындарлы пікірталасу алаңын құру, — деді Тимур ҚҰЛЫБАЕВ.

Өңірлік палатаның негізгі мақсаты бизнес қоғамдастығы мен мемлекеттік билік органдарының арасында өзара тиімді әріптестікті дамыту және кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыруда қолайлы құқықтық-экономикалық жағдайларды қалыптастыру, бизнес үшін рұқсат жүйесін жетілдіру, әкімшілік кедергілерді азайту болып отыр.

— Біздің өңірде билік пен кәсіпкерлер ара-



Суретті түсірген Есімхан Орынбаев

сында өзара сенімді қарым-қатынас орнаған. Атқарушы органдар тарапынан әкімшілік кедергілерді азайту бағытында да біраз шаруа тындырылды. Мәселен, өткен жылы 58 рұқсат қағазы қысқартылды. Былғы 9 айда облыстағы шағын және орта кәсіпорындар 270 миллиард теңгенің өнімін өндірді. Бұл былтырғы деңгейден 14 пайызға артық. Шағын және орта бизнес нысандарында еңбек етушілердің үлесі 31 пайызды құрайды. Облыста кәсіпкерлердің өңірлік палатасының құрылуы осы бағыттағы жұмыстарға соны серпін берері анық. Біз кеңеске жан-жақты көмек беретін боламыз. Ұлттық палата басшылығына кәсіпкерлерге көрсетіп жатқан қолдаулары үшін алғыс айтамын, — деді облыс Әкімі.

Шығыс Қазақстан өңірлік кәсіпкерлер палатасы кеңесінің құрамы ағымдағы жылдың 12 қазанында бекітілді, оған облыстағы 7 аудан мен 3 қаладан 26 бизнесмен және кәсіпкерлер қауымдастығының 4 мүшесі ен-

ген. Ал 21 қазанда аталмыш ұйым ресми тіркеуден өтті.

Отырыс барысында Шығыс Қазақстан өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Игорь Шацкий, «Азия Авто» акционерлік қоғамының президенті Ерік Сағымбаев, «Шығыс-Сұт» акционерлік қоғамының директоры Сейілжан Сайлаубаев, «Сәулес» серіктестігінің директоры Төлеуғазы Иманғалиев бизнесті қолдаудың жүйесін жетілдіру, кәсіпкерлерді құқықтық тұрғыда қорғау жөнінде өз ойларын ортаға салды.

— Сіздердің облыстарыңызда рұқсат құжаттары мен лицензияларды оңтайландыру мен автоматтандыру бойынша қанатқақты жоба іске асырылған. Осы бағытта жинақталған мол тәжірибені бүкіл республикаға таратуымыз қажет. Шығыс Қазақстан — кәсіпкерлікке қолдау көрсету, әкімшілік кедергілерді азайту жөнінен көшбасшы өңірлердің бірі. Аймақтың кадрлық әлеуеті де жеткілікті. Осы жи-

ында өңір кәсіпкерлері айтқан ұтымды ұсыныстарды Үкіметке жеткізетін боламыз, деп түйіндеді өз ойын Тимур Құлыбаев.

Естеріңізге сала кетсек, осы жылдың 9 қыркүйегінде ел Үкіметі мен «Атамекен» одағы бірлесіп Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқармасы мен президиумын құру туралы шешім қабылдаған болатын. Аталмыш палатаның негізгі қызметіне тоқталар болсақ, олар — кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, өңірлердегі кәсіпкерлердің қызмет жағдайына мониторинг жүргізу, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, отандық өндірісті қолдау, ұйым-мекемелердің сатып алуларында жергілікті тауарлар үлесін арттыру, техникалық, кәсіби білім беру, өркендету, кадрларды дайындау, кәсіпкерлік нысандарының сыртқы экономикалық қызметін ынталандыру, инвестиция тарту және экономиканы әртараптандыру.

Жиында өңірлік кәсіпкерлер палатасы кеңесінің төрағасы сайланды. Басқосуға қатысушылардың ортақ шешіміне сай бұл міндетті атқару «Сема3» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің бас директоры Әсемхан Досқожановқа жүктелді.

Отырыс соңында спорттық жекпе-жек және күш қолданылатын спорт түрлері конфедерациясы мен облыс әкімдігі арасында әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылды. Конфедерация мүшесі — Қазақстанның бокс федерациясы демеушілердің қолдауымен Семей қаласында типтік денешынықтыру-сауықтыру кешінен салатын болады. Аталмыш нысан бокс, күрес, дзюдо, тазквондо, ауыр атлетика сынды спорт түрлерімен айналысуға арналмақ. Атап өтерлік жайт, конфедерация мұндай амбемба кешенді еліміздегі спорттық әлеуеті зор екі қалаға салуды ұйғарып отыр. Бірі — Түркістан қаласы, екіншісі — Семей.

Меморандум аясында конфедерация спорт нысанын қажетті курал-саймандармен жабдықтап, ондағы үйірмелердің жұмысын ұйымдастырады, сонымен қатар білкті жаттықтырушылар құрамын қалыптастырады.